

4. Красавина Л.Н. Проблемы конкурентоспособности российского финансового рынка в условиях глобализации экономики: вопросы теории [Текст] / Л. Н. Красавина // Научный альманах фундаментальных и прикладных исследований «Деятельность банков на финансовом рынке: российская практика и мировой опыт». – М. : «Финансы и статистика». – 2007. – 56 с.
5. Лук'янов В.С. Сучасні фінансові ринки [Текст]: монографія / В. С. Лук'янов. – К.: Знання, 2013. – 480 с.
6. Мирник Я.М. Англо-русский толковый словарь по финансовым рынкам. Свыше 13000 терминов / Я.М. Мирник, В.Я. Миркин. – [2-е изд., перераб. и доп.]. – М. : Альпина Бизнес Букс, 2008. – 314 с.
7. Финансы: Учебник / Под ред. д.э.н. проф. В.П. Литовченко. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и Ко». – 2015. – 724 с.

Melnikov I.Yu.

IMPACT OF GLOBALIZATION ON THE GLOBAL FINANCIAL MARKET

Abstract

The article analyzes the current state of the world financial market and the financial policy in the period of globalization. The problematic aspects of the world financial market are determined when it functions in a changing environment, namely, during the period of globalization.

The characteristics of some indicators of the global financial market are given, key problems of the influence of globalization are identified, as well as trends in the regulation of the world financial market in the near future.

Key words: world financial market, banking services, globalization, international stock market, financial policy.

УДК 338.43

Рахметова А., Абралиев О.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАНДА КАРТОПТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанда картоптың экологиялық қауіпсіздігінің мәселелері қаралған. Картоп өсіру-өсімдік өсірудің маңызды бір саласы. Картоп Республика халқының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз жасаудың негізі болып отыр. Картоп өндірісінің жағдайы және болашақтағы дамуы талдалған. Картоптың экологиялық қауіпсіздігін арттырудың шаралары ұсынылған

Кілт сөздер: картоп, азық-түліктің қауіпсіздігі, инновациялық технология, картоптың тамақтық құндылығы, азық-түліктің улануы, экологиялық қауіпсіздік, картоп өндірісінің тиімділігі.

Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетті "жерді пайдалану тиімділігін арттыруға тиіспіз. Суармалы егіс алаңын 5 жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу қажет; алтыншыдан, өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керек. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейту керек" [1]. Жүргізілген зерттеулер анықтағандай, картоп дүниежүзі бойынша кеңінен таралған, адам тіршілігінде әмбебап пайдалануға ие дақылдардың бірі болып саналады. Өсірілетін картоптың 52 %-тамаққа, 34%-малға азық, 10%-тұқым және 4%-техникалық мақсатқа жұмсалады. Тауарлық биржаларда картоппен сауда жасалмайды, бірақ барлық елдердің тұрғындарының тұтынатын маңызды азық-түлігіне жатады. Көкөніс өнімдері рыногында картоп алдыңғы орынды иемденіп отыр, сондықтан картоп өнімдері әлемдік азық-түлік мәселесін шешуде ең үлкен роль атқарады. ЕО және Солтүстік Америка мемлекеттерінде тұрғындардың азық-түлікке деген сұранысының 50 % картоппен қамтамасыз жасалады. Әлемдегі картопқа деген сұраныстың өсуінің объективті ең басты себебі халық санының өсуінен азық-түлікке деген сұраныстың артуы. Бүгінгі таңда жер тұрғындардың саны 7 млрд асты, әлемде 2050 жылы халықтың саны 9 млрд жетпек, яғни ауыл шаруашылық өнімдеріне деген қажеттілік 2 есе артпак яғни азық-түлік жетіспеушілігі адамзаттың басты мәселесіне айналмақ [2].

Әлемде өндірілген картоптың жалпы өнім көлемі: 1990 жылы-268 млн тонна, 1995 жылы-285 млн тонна, 2000 жылы-328 млн тонна, 2005-319 млн тонна, 2010 жылы-333 млн тонна, 316 жылы- 351 млн тонна [3] . Елімізде Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (ҚазККШҒЗИ) - картоп, көкөніс және бақша шаруашылығы бойынша республикалық ғылыми орталық, 1946 жылы құрылған.


Картоп, көкөніс және бақша шаруашылығы салалары бойынша Қазақстан Республикасының 11 ғылыми мекемесінің қызметін үйлестіреді. ҚазККШҒЗИ көкөніс-бақша дақылдары мен картоптың өте бай, ең алуан түрлі, нағыз бірегей гендік қорына ие. Қазіргі уақытта әлемнің 40 елінен әкелінген 2100 үлгісі картоп гендік қорын құрайды. Қазақ картоп ҒЗИ-ндағы селекциялық-тұқым шаруашылық зерттеулер дақылдардың 25 түрі: бойынша жүргізіледі. Бүгінгі күні «Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізіліміне» картоп және көкөніс дақылдарының 159 селекциялық жетістік, оның ішінде ҚазККШҒЗИ-дың 143, оның ішінде: картоптың – 38 сорттары мен будандары енгізілген. ҚазККШҒЗИ тұқым шаруашылығы бойынша келесі дәрежелерге ие: картоп дақылдарының оригиналды тұқымдарын өндіруші; картоп дақылдарының элиталы тұқымдарын өндіруші; картоп дақылдары бойынша I-II репродукциялы тұқымдарын өндіруші.

Картоп пен көкөніс дақылдарын суғарудың озық су үнемдегіш технологиялары; түрлі көкөніс және картоп ауыспалы егістері, тыңайтқыштар мен зиянды организмдерге қарсы өсімдік қорғау құралдарын пайдалану жүйелері; тұқым өндірумен айналысатын шаруашылықтар үшін екіжылдық көкөніс дақылдарының қайта отырғызуды қажет етпейтін тұқым шаруашылығы технологиясы; суғармалы көкөніс шаруашылығында топырақтың құнарлылығын сақтау және қайта қалпына келтіру тәсілдері; көкөністердің барлық негізгі түрлері бойынша өсіру технологиялары құрастырылды және жетілдірілді. Институт Ресей Федерациясы, Болгария, Оңтүстік Корея, Қытай Халық Республикасы, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Қырғызстанның жетекші ғылыми орталықтары мен мекемелерімен және халықаралық Халықаралық картоп Орталығы (CIP), AVRDC-WVC, ICARDA ұйымдары мен АҚШ университеттерімен ынтымастықта жұмыс жасайды. AVRDC-мен (Дүниежүзілік көкөніс шаруашылығы Орталығы) ынтымақтастық нәтижесінде көкөніс дақылдарының жаңа 17 сорты шығарылды. CIP-мен (Халықаралық картоп Орталығы) ынтымақтастық негізінде картоптың жаңа 7 сорты шығарылды. БӨШИ

мен басқа да ҒЗҰ-мен ынтымақтасуы негізінде картоп және көкөніс-бақша дақылдары гендік қоры айтарлықтай толықтырылды және кеңейтілді.


Зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, картоптың жан басына шаққанда ең көп өсіретін мемлекеттер: Беларусь-810 кг, Украина-531 кг, Нидерланд-439 кг, Дания-290кг, Ресей-229, Польша-217 кг, жалпы әлемдегі бұл көрсеткіш-53 кг. Ал 1 адамға тұтыну жағынан көш басында: Беларусь-181 кг, Қырғызстан-143, Украина-139 кг, Ресей-131 кг, Литва-116 кг, Латвия-114 кг, Қазақстан-103 кг. ЕО елдерінде: Германия-71 кг, Польша-127 кг, Франция-64 кг. Сондай-ақ АҚШ-54 кг, Канада-73кг және Жапония-32 кг [4, 5, 6].

Елімізде картоп өсірушілерге ұйымдастырушылық және қаржы жағдайы жағынан мемлекеттік қолдау көрсетіліп келеді, яғни картоп саласын қолдаудың барлық түрлері сақталған. Қазақстан Республикасында картоптың егістік ауданы 1990 жылдары -205,9 мың гектар болса, 2016 жылы-186,7 мың га құраған, яғни соңғы 26 жылда 19,2 мың гектарға азайған,(1 сурет).




1 сурет- Қазақстан Республикасында 1990-2016 жж. картоптың егістік ауданы, мың га

Елімізде картоптың өнімділігі мен өнімдерінің сапасының артуына топырақ құнарлылығының төмендігі, көпшілік тауарөндірушілердің егіншілік мәдениетінің жоғары болмауы, картопты өсірудің энергияүнемдегіш технологияларының әлсіздігі, келешегі мол сорттарды іріктеп алудың жеткіліксіз зерттелуі аймақта өсірілетін картоп сорттарының мүмкіндіктерін толығымен пайдалануға мүмкіндік бермейді. Қазақстан Республикасында 1990-2016 жж. картоп түсімінің деңгейі өскен, 2 сурет.




2 сурет-Қазақстан Республикасында 1990-2016 жж. картоп түсімі

Азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда инновациялық технологияның атқаратын маңызы және тиімділігі картоптың тамақтық құндылығын арттырады. Тек инновация жетістігі картоп өнімдерінің қауіпсіздік деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді. Экологиялық қауіпсіздік нәтижесі картоп өндірісінің тиімділігін артырады. Зерттеулер барысы көрсеткендей, картоп түсімінің артуына орай, жиналған жалпы өнім көлемі 1990 жылы-2324,3 мың тооннадан 2016 жылы-3545,7 мың тоннаға дейін көбейген, яғни 26 жыл ішінде 1221,4 мың тоннаға артқан, 3 сурет.




3 сурет- Қазақстан Республикасында 1990-2016 жж.
картоптың жалпы өнімі, мың тонна

Шет елдерде картоп өсірудің экономикалық тиімділігіне үлкен мән беріледі және оның түсімін арттыру шараларын жоспарлы түрде жүргізіп отырады. АҚШ және ЕО елдеріндегі картоп түсімі келесідей: Германия-450 ц/га, Нидерландия-447 ц/га, Франция-432 ц/га, Бельгия-423 ц/га, Ұлыбритания-405 ц/га, АҚШ-402 ц/га, 4 сурет.



4 сурет - Шет елдердегі 2017 ж. картоптың түсімі, ц/га

Адамдардың бір адам басына шаққандағы картоп тұтыуы әр түрлі: Қырғызстан-143 кг, Украина-139 кг, Ресей-131 кг, Польша-127 кг, Литва-116 кг, Латвия-114 кг, Қазақстан-103 кг, Франция-64 кг, 5 сурет.



5 сурет -Бір адам басына шаққандағы тұтынатын картоп, кг

Картоптың морфологиялық ерекшеліктері. Картоп (*Solanum tuberosum*) – алқа тұқымдасына жататын өсімдік. Ботаникалық классификация бойынша картоп жыл сайын сабағы алмасып отыратын көпжылдық шөптесін өсімдік, алайда дүние жүзіндегі көп елдерде оны бір жылдық өсімдік түрінде өсіреді. Ол вегетативті (түйнегі, көзшесі, бүршіктері) және тұқымы арқылы көбейтіледі. Өндіріс жағдайында картоп дақылын негізінен түйнегімен көбейтеді.

Картоптың биологиялық ерекшеліктері. Бұл дақыл топырақ-климаттық жағдайлары әртүрлі әлемнің көптеген елдерінде мәденилендірілген, алайда, әртүрлі сорттар шығарылған *S. tuberosum* L. түрі өзінің биологиялық табиғатынан қоңыржай климат өсімдіктеріне жатқызылады және жоғары температураларға қарғанда төмен температураларды жақсы өткере алады. Кей мәліметтері бойынша түйнектердің өсіп шығуы үшін топырақтың оңтайлы температурасы 7-8°C, түйнек қалыптастыру үшін 16-18°C болып табылады. Пәлектердің өсуі және ассимиляция үшін ауаның оңтайлы температурасы 20-21°C. Топырақтың температурасы 29°C болғанда түйнектердің өсуі толығымен тоқтайды, ал 40°C температурада өсімдіктерді фотосинтез процесі тоқтайды. Тыныштық күйінен өткен кезде температурасы 3-5°C-дан жоғары топыраққа отырғызғанда өне бастайды. Картоп дақылының биологиялық ерекшеліктері, тіршілік факторларына қатынасын және топырақ-климаттық жағдайларды есепке алып, картопты өсіруде ғылыми негізде дайындалған агротехниканы пайдалану – аталмыш дақылдан мол өнім алудың нақты кепілі болып табылады [7, 8, 9].

Картоп дақылын түрлі кеселдерден қорғау жүйесі ұйымдастыру және аурудан сау тұқымдық материалдар өсіруге негізделген. Олар:

- белгілі экологиялық аймақтарда кездесетін ауру түрлеріне байланысты төзімді сорттарын сұрыптау;
- картоп түйнегін іріктеу арқылы сау тұқымдық материал дайындап оны микроэлементтердің-0,05%-дық бор қышқылы, 002 мыс купорасы, 0,14 күкірт қышқыл марганецтің коспа ертіндісінде өндеу;
- ауыспалы егістікті сақтап танапқа картопты 3-4 жылдан кейін қайта егу;
- жақсы өңделген температурасы 7°C жоғары ауыр топырақта түйінді 6-8 см, ал жеңілде-12-15см тереңдікте мерзімінде отырғызып, өсімдіктің жиілігін сақтау;
- фитофтороз, альтернариоз ауруларына қарсы 68%-дық Ридомил Голд МЦ, с.ұ.-2,5 кг/га, 90%-дық мыс хлор оксиді с.ұ.-2,4-3,2 кг/га және РЕВУС фунгицидтерін тізімге сәйкес қолдану;
- қоймаларды дер кезінде мұқият тазалап, формалиннің 1%-дық немесе хлорлы әктің 2%-дық ертіндісімен дезинфекция жүргізу

Қазақстандағы өсімдік шаруашылығындағы картоптың басқа дақылдардан өзінің биологиялық ерекшеліктері бойынша да айтарлықтай айырмашылығы бар екендігін атап кету қажет. Біріншіден, әрбір генотип және сорт үлгісі тек вегетативтік жолмен шығарылады, өйткені вегетативтік тұқымдармен көбеюі кезінде көптеген белгілерінің гетерезиготалы және құрылымының гетерогенді болуынан ұрпақтарында қатты жарықшақтануы жүреді, соның нәтижесінде аталған генотипте салынған белгілердің кешені иллюминацияланады. Мұндай биологиялық ерекшелік картоптың генофондының әрбір үлгісін жылда шығаруды талап етеді. Екіншіден, картоптың белгілі жабайы және мәдени түрлері әртүрлі плоидты формаларымен ұсынылған (диплоидтар, триплоидтар, тетраплоидтар, пентаплоидтар және гексаплоидтар), нәтижесінде тұраралық гибридтеу кезінде сәйкессіздік кедергісін өту үшін белгілі бір қиыншылықтар туындайды. Ағымдық материалды шығарудың жана тәсілдерінің пайда болуына қарамастан, картоптың жана белгілерін толықтырудың негізгі көзі әлемдік коллекция болып табылады, оларды зерттеу белгілі бір өсіру жағдайларында дақылдың негізгі шаруашылық-құнды белгілерінің көрініс табуының мониторингін жүзеге асыруға, жекелеген белгілер бойынша ең жақсы үлгілерді анықтауға және картоп селекциясының мәселелерін шешу үшін белгілік коллекциясын қалыптастыруға мүмкіншілік береді

Елімізде жоғары өнімді, сапасы және басқа белгілері жоғары аурулар мен зиянкестерге төзімді картоп сорттарын шығарудағы жетістіктің негізі ағымдағы материалды дұрыс таңдау болып табылады.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде картоптың әлеуетті мүмкіндігін зерттеуге көп назар аударылады. Осымен қатар зерттеулердің негізгі мақсаты—осы бағалы ауыл шаруашылығы дақылынан өнімі жоғары және тұрақты өнім алу. Қазіргі уақытта Қазақстанның көптеген аудандарының өндірістік егістігінде картоптың отандық селекциямен шығарылғандары кең қолданылады. Көптеген сорттар бірқатар шаруашылық—пайдалы белгілерімен сипатталады. Картоптың экологиялық қауіпсіздігін арттыратын белгілері: қабығының түсі, түйнектің жұмсақтық түсі, тереңдігіне, дәмдік сипаты, сонымен бірге селекциялық жұмысында басты көрсеткіші—шығарғанда түйнектегі құрғақ заттар мөлшері, крахмалдылығы.

Қорытынды

Картоп өнімдерінің тағамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында келесі шараларды жүзеге асыру керек: тұқым сұрыптауды жетілдіру, түсімі жоғары сорттарды егу, инновациялық технологияларды енгізу (ғылыми негізделген ауыспалы егістік және зиянкестермен күресуде кешенді шаралар), картопты аз зақымдайтын озық техниканы қолдану, агроөнеркәсіптік интеграция және кооперацияны жетілдіру.

Әдебиеттер

1. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік"-Астана, 31 қаңтар 2017 ж.
2. Лестер Браун Мир на грани –М.: АСТ-Пресс-Книга, 2013 – 208 с.
3. Туболев С.С. Отечественному картофелеводству нужны современные механизированные технологии и машины // Картофель и овощи, 2016, № 6- С.2
4. Туболев С.С., Колчин Н.Н. Производство отечественной техники для картофелеводства должно стать приоритетной государственной задачей.// Картофель и овощи. 2016. №7-С.2-4.
5. Шпаар Д., Быкин А., Дрегер Д. и др.: Картофель / Под ред. Д.Шпаара. -М.: ДЛВ Агродело. 2007. 458 с.
6. Potato development in a changing Europe. Edited by: Norbert U. Haase, Anton J. Haverkort. The Netherlands. Wageningen Academic Publishers.2016. 278 p.
7. Potato in progress (science meets practice). Edited by: A.J. Haverkort, P.C. Struik. The Netherlands. Wageningen Academic Publishers. 2015. 366 p.
8. Potato production and innovation technologies. Edited by Anton J. Haverkort, Boris V. Anisimov. The Netherlands. Wageningen Academic Publishers.2017, 422 p.
9. Struik P.C. and Wiersema S.G. Seed potato technology. The Netherlands. Wageningen Academic Publishers. 2016. 383 p.

Рахметова А., Абралиев О.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАРТОФЕЛЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье освещены проблемы экологической безопасности картофеля в Казахстане. Картофелеводство-одно из важнейших отраслей растениеводства. Для населения республики картофель давно стал основой самообеспечения продовольствием. Проанализированы состояние и перспективы развития производство картофеля. Предложены меры по повышению экологической безопасности картофеля.

Ключевые слова: картофель, безопасность пищевых продуктов, инновационная технология, пищевая ценность картофеля, пищевые отравления, экологическая безопасность, эффективность производства картофеля.

Rahmetova A., Abraliev O.

SOME ASPECTS OF ECOLOGICAL SAFETY OF POTATO IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article highlights the problems of ecological safety of potato in Kazakhstan. Potato growing is one of the most important branches of plant growing. For the republic's population, potatoes have become the basis for self-sufficiency in food. The state and prospects of development of potato production are analyzed. Measures are proposed to improve the ecological safety of potatoes.

Key words: potatoes, food safety, innovative technology, nutritional value of potato, food poisoning, environmental safety, efficiency of potato production.